

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Қайрат Сак**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әшірбекова Гүлмира	Ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Аширбекова Гульмира	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматай	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

Мазмұны

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Алдабергенов Қ.М.</i> Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және репрессия жылдарындағы баспасөз	8-13
<i>Дүйсебай Д., Тасполатова Р.</i> Спорт журналистерін кәсіби деңгейде дайындау мәселелері	14-21
<i>Трофимова Г.Н., Петров Г.П., Барабаш В.В.</i> Билингвалды медиакөңістіктегі Саха-Якутияның этнобағытталған журналистикасы	22-38
<i>Шындалиева М.Б., Саркенова Қ.Қ.</i> Журналистика, филология мамандықтары оқу бағдарламасын дайындаудағы өзекті мәселелер	39-44

ЖАҢА МЕДИА

<i>Амангелдиева Г.С., Сақ Қ.Ө.</i> Сандық журналистиканың қалыптасуы және өзгермелі көкжиектері	45-52
<i>Маулет Зүлкәпіл, Тоқтарбай Б.</i> Ақпараттық жаңа технология және дәстүрлі журналистика	53-60

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Есенбекова Ұ.М.</i> Трансмедиалық баяндаудың тұжырымын зерттеудегі теориялық ұстанымдар	61-66
<i>Сулейменова А.Э., Жусупова А.М.</i> Жергілікті қауымдастық аудиториясына аймақтық теледидардың мәдени әсер ету нысаны	67-72

Contents

THE MEDIA AND SOCIETY

<i>Aldabergenov K.M.</i> Press In Time of Mass Famine and Repression In Kasakh Land	8-13
<i>Duisebay D., Taspolatova R.</i> Issues of Professional Training of Sports Journalists	14-21
<i>Trofimova G.N. , Petrov G.P., Drum V.V.</i> Ethno-oriented Journalism in the Bilingual Media Space of Sakha-Yakutia	22-38
<i>Shindalieva M.B., Sarekenova K.K.</i> Actual Problems of the Curriculum of Journalism and Philology Specialties	39-44

NEW MEDIA

<i>Amangeldiyeva G.S., Sak K.O.</i> The Formation and the Changing Horizons of Journalism Digital	45-52
<i>Maulet Zulkapil, Toktarbai B.</i> Information Technology and Traditional Journalism	53-60

TELERADIOJOURNALISTIKA

<i>Yessenbekova U.M.</i> Theoretical Bases of Concept Development Transmedia Storytelling	61-66
<i>Suleimenova A.E., Zhusupova A.M.</i> A regional Television Like an Object of Culture Influent to Local Community	67-72

Содержание

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Алдабергенов К.М.</i> Печать Казахстана в годы голодомора и политических репрессий	8-13
<i>Дуйсебай Д., Тасполатова Р.</i> Вопросы профессиональной подготовки спортивных журналистов	14-21
<i>Трофимова Г.Н., Петров Г.П., Барабаиш В.В.</i> Этноориентированная журналистика в билингвальном медиапространстве Саха-Якутии	22-38
<i>Шындалиева М.Б., Саркенова К.К.</i> Актуальные проблемы учебной программы факультетов журналистики и филологии	39-44

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Амангелдиева Г.С., К.О. Сак</i> Формирование и меняющиеся горизонты цифровой журналистики	45-52
<i>Маулет Зулъкапил, Токтарбай Б.</i> Информационные технологии и традиционная журналистика	53-60

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Есенбекова У.М.</i> Теоретические основы разработки концепции трансмедиа сторителлинга	61-66
<i>Сулейменова А.Э., Жусупова А.М.</i> Региональное телевидение как объект культурного воздействия на аудиторию местного сообщества	67-72



ХҒТАР 19.61.11

Қ.М. Алдабергенов

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: krykbai@mail.ru)

Қазақ жеріндегі жаппай ашаршылық және репрессия жылдарындағы баспасөз

Аңдатпа. Мақалада отызыншы жылдар қазақ халқының басынан өткен «қара түнек жылдар» болып саналатын аштық пен репрессия жылдарындағы журналистиканың тарихы сараланып, зерттеледі. Ф. Голощекин 8 жыл ішінде қазақ жерінен құйындай ұйтқып өткен социализмді қайталау ниетімен «Кіші Октябрь» бағдарламасын жасап, адамдарға «қасық пен шанышқыны қалай ұстату керектігін» үйретумен айналысты. Нәтижесінде 1933 жылдың басында қазақ халқы тең жартысынан айырылып, 40 миллион малдың 5-ақ миллионы қалды. Мұның өзі күні кешеге дейін «ұсақ-түйек қателіктер» мен «елеусіз кемшіліктер» деп аталып келді. Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ жеріндегі нәубат, яғни ашаршылық пен репрессия жылдарындағы мерзімді баспасөз жұмысына баға беріліп, оның оң және теріс тенденциялары айқындалады.

Түйін сөздер: ашаршылық, репрессия, баспасөз, Голощекин, «Кіші Октябрь», ұжымдастыру, «халық жаулары», қасірет зардабы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-128-3-8-13>

Кіріспе. Аға ұрпақ, оның ішінде ғалымдар мен зерттеушілер бұл нәубаттың сырына қанық болса да, ол туралы ауыз ашуға дәрменсіз болды. Үнемі қуғын-сүргін, репрессияға ұшыраған интеллигенция өкілдері алмас қылыштан тот басқан бақырға айналды. Енді олар күнделікті күйбең тіршіліктің маңынан шыға алмайтын, басқаның айтқанын құп алып, солардың айдауымен жүретін жансыз роботтың бет-бейнесіне енді.

«Ұлы халықты» мадақтап том-том кітап, мемуар жазғандар өз халқының аянышты халін суреттейтін биттің қабығындай кітап жазуға да жарамады. Тіпті, қызы-қыза келе халықтың қырық пайызы өз ана тілін ұмытуға дейін барды.

Қазір осы «тарих ақтандақтары» күн өткен сайын анықталып, сол бір ауыр кесепатты жылдардағы халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздарының қилы тағдырлары жан-жақты зерттелу үстінде. Елім деп еңіреп өткен абзал азаматтардың өнегелі өмір жолдарын халқымызға және кейінгі ұрпаққа паш етуді бүгінгі зиялы қауым да өз міндеттеріне алған.

О. Сүлейменовтың: «Біз жазықсыз жапа шеккен данышпандарымыздың мұраларын өмірге қайтара бастадық және бұларды шолақ белсенділер не үшін, ненің жоқтауы үшін құрбандыққа шалып еді деп ойлана бастадық. Біз қазақтар ешкімге ешнәрсе қарыз емес екенімізді енді ғана түсіне бастаған сияқтымыз. Мәселен, осы уақытқа дейін «ұжымдастыру ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың классикалық үлгісі» деген Сталиннің асыра сілтеушілік пікіріне жарты ғасырдан астам уақыт бойы ешкім күман келтіруге қорықты, керісінше, оны тек марапаттаумен келдік.

Бірақ, ұжымдастыру ісі Қазақстанда қалай өтті? Барлық мәселе сонда. Шолақ саясаткер Ф.Голощекиннің «Кіші Октябрі» тек малымен күн көріп отырған қазақтың алдымен байларына, онан соң орташаларына, ең соңында астық екпейтін малшыға, астық тауып бере алмағандардың малын тартып алып, өздерін қаңғып кетуге мәжбүр етті.

Малынан айырылған қазақтың мұнан кейінгі көрген күнін дұшпаныңа да бермесін дейтіндей болған. Ағылшын-американдық тарихшы әрі жазушы Р.Конквестің осы кезең туралы жазған «Қасірет зардабы. Кеңестік ұжымдандыру және аштық терроры» атты тарихи-публицистикалық еңбегінде бұрынғы кеңес өкіметінің әр аймағындағы аштық жайлы айтылып: «Алайда бұл фактілер қаншама қайғылы болғанымен, қазақтардың басына түскен ұлан-асыр қасіреттің жанында түк емес болып қалады» [1], -деп көрсетілген.

Егер бүгінгі күннің биігінен өткен тарихи кезеңдерге ой жіберсек, қазақ халқы ақын Ж. Молдағалиев айтқандай, шынында да «мың өліп, мың тірілгенін» байқаймыз. Ал, отызыншы жылдардағы аштықтың себебіне келсек, «аңқау елге-арамза молда» дегендей, халық жауын қолдан жасап, ақты да, қараны да бір жіпке байлап, қазақтың кең даласын азапылар еліне айналдырғандар болды. Олар тағы да адамдар арасында мансапқорлық пен шенқұмарлыққа, рушылдық пен жікшілдікке жол ашты.

Сөйтіп, қазақ жерінде «Кіші Октябрь» орнап, адам мен мал қоса қырылып, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» заманы басталды. Оның себебі-1925 жылдың басында Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті ретінде қайта құрылған республика партия ұйымының хатшысы болып Филлип Голощекин сайланған еді. Содан ол 1933 жылдың қаңтар айының 21 жұлдызына дейін Қазақстанды 8 жыл бойы сергелдеңге түсіріп, ақыры қызыметінен босатылды. Ол жетекшілік жасаған кезең қазақ халқының өмірінде «ақтабан шұбырындының» кейінгі ең қайғылы, ең қасіретті кезең болып тарихқа енді. Өкінішке орай, күні кешеге дейін қай қазақтың болмасын жан жүрегін сыздатар осы бір шындықтың ақиқатын көрсетуге мүмкіндік болмады.

Ф. Голощекин туралы алғашқы көлемді зерттеу еңбек республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы желтоқсан айының 9 күнгі санында жарияланды. Авторы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М.Қозыбаев Ф.Голощекиннің саяси портретін ашуға арналған бұл мақаласында оның ленинизмді бұрмалап, сталинизм жолына түсу бағытын төмендегінше саралап көрсетті.

Біріншіден, Ф.Голощекин: «Октябрь қазақтардың ауылының тұсынан құйындай өтіп кетті. Сондықтан қазақ даласында «Кіші Октябрь» жасау керек деген қайшылықты пікірден сегіз жыл бойы танбады.

Екіншіден, қазақ шаруаларының көшпенділігі - оның бойына сіңген әдеттегі тұрмыстық құбылыс деп, сергелдеңге түскен елдің болмысын теориялық тұрғыдан дәлелдемек болды.

Үшіншіден, көшпелі елді социалистік жолға түсіру құрбандықсыз болмайды деген идеяны тұжырымдады.

Төртіншіден, экстенсивті мал шаруашылығын қоғам дамуының жоғары сатысына көтеруде мал басының кемуі объективтік заңдылық дегенді шығарды.

Бесіншіден, Қазақстанның негізгі ерекшеліктері 1925-1930 жылдарда, басқаша айтқанда, Ф.Голощекиннің кезінде жойылды, ол Қазақстанның осы қазіргі жағдайда бүкіл Одақпен терезесі тең деген пікірді қалыптастырды. Ал, бұл «теориялық» база ұжымдандыруды дамуы жағынан жоғары аудандармен қатар деңгейде өткізу үшін керек болды.

Алтыншыдан, Ф.Голощекин «өте жоғары дәрежеде», әсіресе ауылда тап тартысының шиеленісуі жартылай феодалдық қатынастарды бұзу кезеңінде болмай қалмайды» деген теориялық қисынсыз қорытынды жасады. Сөйтіп, болып жатқан репрессиялық шараларға «теориялық» негіз жасады.

Жетіншіден, Ф. Голощекин қазақ коммунистерінің бір тобын тәрбиеге көнбейтін, пайдалануға мүмкін емес, ұлтшыл уклонистер қатарына жатқызды. Екінші категориясын жағдайға қарай терісін өзгертіп отыратын хамелеонға теңеді. Олардың үшінші тобы, орын алған қателіктер үшін барлық жауапкершілікті бір ғана Голощекинге аударғысы келетіндер. Бұл пікірді Ф. Голощекин Қазақстан өлкелік партия ұйымының басында сегіз жыл еңбек етіп, қоштасар сөзінде айтқан еді. Басқаша айтқанда, ол башылыққа бүкіл республикада бірде-бір лайықты адам-қазақ коммунисті жоқ деген пікірде болып келді [2].

Бұл өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ауыр қасіреті - ашаршылықтың бүкіл қазақ жеріне оба ауруындай жаппай тараған кезі болатын. Осы жайлы Шымкент қаласының тұрғыны З. Рысбеков былай деп еске алады. «Пірімбет деген қария Үмбет деген баласы, Сәнен деген келіні үшеуі бірдей үйлерінде аштан өліп, сасып кеткен екен. Тірі қалғандар тамдарын үстеріне құлатып, жан-жағындағы топырағын үйіп, мола жасай салды. Ауылда көп өліктерді жер қазбай-ақ осылай көме салатын. Себебі, жер қазуға арық-тұрық адамдардың шамасы келмейтін» [3].

Ал республикалық дәрежедегі зейнеткер, кезінде аштарға көмектесетін комиссияның төрағасы болған Бәдігүл Жолмұхамедқызының: «Ол кезде аштарға тамақ, жатақхана ұйымдастыратынбыз. Бірде комиссия мүшелері Талас жаққа бардық. Адамдар құмырсқа қалай қалай тізіліп жүрсе, солай ілбіп келеді. Өлгендері шетінен жолда қалып жатыр. Тірілерінің қолында жалаңдаған пышақ. Кеудесінде жаны бар тірі хайуан көрсе, сойып жіберіп, шикідей жұлып жей береді. Бесікте аштан қатып қалған нәрестелерді көргенде сай-сүйегің сырқырап кетеді. Жылай-жылай көзімізден жас та шықпайтын болды. Аш адам ісіп-кеуіп өледі екен. Күмпініп ісіп кеткен адамдарды талай көрдік. Олардың қайтадан адам қатарына қосылуы екіталай...» [4] деген әңгімесі кімді болсын бей-жай қалдырмайды.

Тарихтан 1929-1930 жылдары Қазақстанның Солтүстігіндегі астықты аудандарында егін шықпай қалып, сол жылы қыста даланы жұт жайлағаны белгілі. Нақты жағдайға қарамай мемлекетке астық тапсыру жоспары арта түскен. Нәтижесінде жер-жердегі ауылдарға өлкелік, округтік органдардан, билік пен құқық берілген уәкілдер қаптаған. Олардың қаһарынан қаймықпайтын жан болмаған. Жылаған баланы «Әне, уәкіл келе жатыр» деп сап тыйған.

«Ашаршылық әсіресе, 1932-1933 жылдары меңдей түсіп, елді мүлде есеңгіретті. Осындай ел басына күн туған сәтте халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қызмет атқарған ұл-қыздар аз болмаған. Оған мысал да көп. Мына бір естелік-әңгіме соның айғағы: «1931-1932 жылдардағы ашаршылықтан Әбдіжаппар Үсенов өзі басқаратын «Игілік» колхозының жүзден астам отбасын аман-есен алып қалды. Әрине, Әбекеңнің жалғыз өзі елге қорған болды деуден аулақпыз. Аяулы азамат ауылдастарын аштықтан құтқару жолында Керімбек Маңқытаев, Бекшора Бекқожаев, Алтынбек Қошқарбаев, Шалабай Дүйсенбаев, Қожахмет Наров секілді үзеңгілес серіктеріне сүйенген. Мен оны соңғы рет 1937 жылы қыс айында «Шорнақ» шеберханасының жанында машина үстінде көрдім.

Жұмысқа жанұшыра жүгіре келе жатқан бетім еді. Ол кезде «полуторка» машинасының өзі таңсық болатын. Ойламаған жерден назарым сол машинаға ауды. Қарасам, үстінде Әбдіжаппар ағай отыр.

- Шырағым, маған жақындамай-ақ қой. Мен халық жауы деген жаламен айдалып барамын, - деді ол сәлемдескен маған.

- Не үшін?

- Өзім де білмеймін. Ауылға сәлем айт. Өтекең (ағасы Отабекті айтады) жесір мен жетімдеріме көз болсын. Ал, енді жұмыстан қалма. Заман белгілі ғой, - деп қош айтысты...» [5].

Міне, байқап отырғандарыңыздай қиын-қыстау заманда халқым деп басын көтерген ер-азаматтар осылайша «халық жауы» атанып, жазықсыз жазаланып отырылған. Бұл аз болғандай шолақ ойлы, белсенді уәкілдер «халық жауларын» қолдан жасап, Ф. Голощекиннің «Кіші Октябрін» тездетіп жүзеге асыруға жағдай жасаған.

Кезінде осындай жауапқа тартылған сан мыңдаған адамдарға ешқандай жеке істер жүргізілмеген, олардың ақ, қарасын ажыратуды ешкім ойламаған. Ұсталса, жауапқа тартылса, не НКВД-ның қармағына ілінсе болды, «халық жауы», «троцкист-ұлтшылдар ұйымының мүшесі» немесе «халық жаулары-пәленше-түгеншелермен тығыз байланыста болған» деп кінә тағылып, жазаланып кете берген.

Сөйтіп, «Ел басына күн туып, ері қайда жүр екеннің» кезі келді. 1937 жылдың тажал аждаһасы Нығмет Нұрмақов, Сейітқали Меңдешев, Тұрар Рысқұлов сияқты миллиондардың өмірін қиды. Осыған қарамастан Сталин, Ежов, Берия, Вишинский сияқты жазалаушылардың заманы дәуірлеп тұрды.

Осындай «тарихтың ақтандақ беттері» туралы материалдар кезінде түрлі басылымдарда жиі жарияланып, одан қорытынды да шығарыла бастады. Бұл ретте Ресейдің тәуелсіз газет-журналдарының қара қылды қақ жарған әділ мақалаларын өнеге етіп айтуымыз орынды болар. Мәселен, бүгін кезінде халық жауы атанып, репрессияның қаһарына ұшыраған Н.И. Вавиловтың халық, партия, үкімет алдында ешқандай кінәсі болмағандығы айқындалып отыр. Керісінше, оған жала жауып, «халық академигі» атанған Г.Т. Лысенконың сол халыққа қарсы бағытталған қылмысты істері әшкереленуде.

Сондай-ақ, Михаил Кольцов сияқты халықтың талантты ұлын жазалағандардың шын мәнінде оның шығармаларын оқуға қауқары болмаған көрсоқыр, бұйрық орындаушылар болғаны қандай қиямет.

Біздер Сәкен, Бейімбет, Ілиястарымыздың қандай жағдайда ұсталып, қандай жағдайда қаза тапқандарын білмей жүрміз. НКВД оларды ұсталысымен атылды десе, тауқымет тақсіретін бірге тартқан көзі тірілер Сәкен де, Бейімбет те бертініректе қаза тапты деген деректер айтып жүр. Мысалы, жарты ғасырдан астам уақыт бойы М. Дулатовтың есімі туған халқының басты жауларының қатарында аталып, оның есімі ұлт мәдениеті мен әдебиеті тарихынан өшіріліп тасталды. Содан барып туған халқы үшін жүрегі қоңыраудай күмбірлеген арысымыздың асыл бейнесі кейінгі ұрпақ үшін көмескі тартып кетті.

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқы өзінің ұлы перзентінің өмір жолы, тарихы және рухани мұраларымен де қайта табысты. Әділеттің таңы атып, айы туып, күні шықты. М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторының әдеби көмекшісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, 1928 жылдың 17 желтоқсанында тұтқындалады. Одан ұзақ жауап алғаннан кейін 1929 жылдың 24 маусымында Бутырь түрмесіне жөнелтілген. Ал, 1930 жылдың 4 сәуірінде Ішкі істер халкоматының «үштігі» М. Дулатовты ату жазасына бұйырады. 1931 жылдың 10 қаңтарында іс қайта қаралып, ату жазасы 10 жыл тұтқында отырумен алмастырылады. Тоғыз ай бойы өлім жазасы үкімімен отыру ақын жігерін жасыта алмады. Көптеген адамдар осы жүйкеге тиетін қияметті көтере алмай, өзін-өзі өлтіріп те жіберетін. Бұрын патша түрмесінде талай рет болған М. Дулатов зайыбына жазған бір хатында: «Біріншіден, тергеушілерге сенбедім, екіншіден, қорыққаным жоқ, үшіншіден, олардан көмек сұрамадым...», - деп жан сырымен бөлісіпті.

1934 жылдың басынан Сталин атындағы Ақтеңіз-Балтық каналының құрылысында жұмыста болып, 1935 жылдың 5 қазанында Сосновец лазаретінде жүрек дертінен қайтыс болған. Халық жауы атанған мыңдаған қазақ зиялыларының бірі, белгілі қоғам қайраткері, қаламы қарымды журналист, қазақ баспасөзінің қалыптасуына көп еңбек сіңірген Міржақып Дулатовтың лагерьде болуы мен дүниеден қайтуының қысқаша тарихы осы.

Сондықтан біздер Міржақып Дулатов сияқты Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Сейітқали Меңдешев, Сүлеймен Есқараевтардың кебін киген жүздеген, мыңдаған өз халқының адал перзенттерінің өмірлері де Қазақстан тарихымен, Қазан төңкерісінің орнау тарихымен тығыз байланыстырыла зерттелуі қажет деп білеміз. Мұнсыз біздер үшін мемлекетіміздің өткен тарихын, соғыс жылдарының қиын-қыстау тарихын, тоқырау мен қайта құру тарихын таразылап, баға беру қиынға соғары белгілі.

Міне, сондықтан да тарихымыздың әр кезеңінде көзден таса, көңілден қағыс қалып келген күні кешеге дейін «ұсақ-түйек қателіктер» мен «елеусіз кемшіліктерінің» арқасында 60 мыңнан астам қазақ зиялылары сталиндік репрессияның құрбанына айналыпты. Ал бұған 1949-1956 жылдар аралығындағы «ұлтшылдық сарынға қарсы» өрістетілген науқаншылықтың залалын қоссақ ше?

«Ұлтшылдық сарынға қарсы күрес» демекші әу бастан-ақ, яғни 1937-1938 жылдары республикалық баспасөз бетінде көрнекті қазақтың партия, әдебиет, ғылым қайраткерлеріне «бай төбеті», «қарақшы», «жапонның тыңшысы», «шпион», «пантюркист» сияқты айтуға ауыз бармайтын түрлі жалалардың жабылуы, осындай оғаш пайымдаулардың ондаған жылдар бойы өзгеріссіз қалуы, содан кейінгі жылдардағы әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлеріне салқынын тигізбей қалған жоқ.

Қорыта келгенде, 1937-1938 және одан кейінгі жылдардағы репрессияға «Жаудан сақ болайық, жауды ымырасыз әшкерелейік!», - деп нұсқау берген Сталин, Ежов, Бериялар кінәлі дейміз. Бірақ, сол нұсқау тек Қазақстанға ғана берілген нұсқау ма еді? Өзге республика халқы неліктен аз зардап шекті? Әлде бәлен адамды халық жауы деп тапсыру қажет деген жоспар берілді ме? Әрине, олай емес. Көп нәрсе қазекеннің өзіне де байланысты. Шаш ал десе, бас алып жіберетін мінез қашан тыйыларады. Жауды жанымыздан, өз қанымыздан іздей беретініміз неліктен деген бір жымсықы сұрақ тілге оралады.

Бірін-бірі даттауға жомарт қазақ, бірін-бірі ақтауға сараң болатыны несі? Сұрақ көп. Бәрі де бәрімізді ойландыратын сұрақтар...

Әдебиеттер тізімі

- 1 Конквест Р. Қасірет зардабы. Кеңестік ұжымдандыру және аштық терроры. / Р. Конквест - Алматы: Жазушы, 1996. - 382 б.
- 2 Қозыбаев М. Ф.И. Голощекиннің саяси портреті / М.Қозыбаев // «Қазақ әдебиеті» газеті. 1988 жыл, 9 желтоқсан.
- 3 Қазақ қалай аштыққа ұшырады? : жинақ - Алматы: «Қазақ университеті», 1991. - 285 б.
- 4 Қуандықов Е. Сүрең салған сұрқия саясат. / Е. Қуандықов - Алматы: Санат, 1999. -104 б.

К.М. Алдабергенов

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Печать Казахстана в годы голодомора и политических репрессий

Аннотация. Тридцатые годы прошлого столетия являются одной из самых трагических и мрачных страниц в истории казахского народа.

Аграрная, кадровая, национально-культурная политика Сталина, голощекинская теория «Малого Октября», конфискация, силовая коллективизация, репрессии привели страну к тяжелому экономическому кризису, голодомору, массовому падежу скота.

Устроенный руководителями Советской власти, в частности Ф.Голощекиным, геноцид унес более трех миллионов жизни казахского населения. Из 40 миллионов поголовья скота осталось около 5 миллионов.

Автор статьи дает объективный научный анализ материалам печати данной эпохи, обосновывая их актуальность и злободневность.

Ключевые слова: голодомор, репрессия, печать, «Малый Октябрь», «враги народа», коллективизация.

K.M. Aldabergenov

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Press In Time of Mass Famine and Repression In Kasakh Land

Abstract. The story analyzes the history of journalism in the thirty years of famine and repression, which is the «dark days» of the Kazakh people. For eight years, Goloshchyokin presented the program «Kishi Oktiabr» with the intention of returning socialism to Kazakh land in order to teach people «how to hold a spoon and a fork». As a result, at the beginning of 1933 half of the Kazakhs died and only 5 million animals out of 40 remained. This was called «minor» errors and «minor defects» until yesterday.

The article is devoted to periodicals during the famine and repressions of the twentieth century, and also draws attention to its positive and negative trends.

Key words: starvation, repression, the press, Goloshchyokin, Kishi Oktiabr, organization, «enemies of the people», «tragedy of suffering».

References

- 1 Konkvest R. Qasiret zardaby. Kenestik uzhyndastyru zhane ashtyq terrory [The Tragedy Affects You. Soviet Collectivism and Hunger Terror]. (Almaty, Zhazushy, 1996, 382 p.). [in Kazakh]
- 2 Kozybaev M. F.I. Goloshekinnin sayası portreti [Goloshchekin's political portrait], «Qazaq adebieti» gazeti [The newspaper «Kazakh literature»], 1988, 22.09. [in Kazakh]
- 3 Qazaq qalalı ashtyqqa ushyrady?: zhinak [How Kazakhs fell into the famine?]. («Qazaq unıversitetı», Almaty, 1991, 285 p.). [in Kazakh]
- 4 Quandyqov E. Suren salgan surqıya sayasat [Challenge Bilateral Politics]. (Sanat, Almaty, 1999, 104 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Алдабергенов Қ.М. - Тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қ.Сәтбаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Aldabergenov K.M. - Doctor of Historical Sciences, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2. Nur-Sultan, Kazakhstan.

FTAMP 19.21.11

Д. Дүйсебай¹, Р. Тасполатова²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ¹durali_dd@mail.ru, ²risjan65@mail.ru)

Спорт журналистерін кәсіби деңгейде дайындау мәселелері

Андатпа. Мақалада қазақ спорт журналистикасының тарихы зерделеніп, оның шығу тарихы мен белгілі спорт комментаторларының сөз саптау шеберлігі талданады. Мақалада «спорт комментаторлығы» мен «спорт», «спорт журналистикасы», «қазақ спорт журналистикасы» деген ұғым-танымдардың қазақ санасына сіңісуі мен дағдылануы қарастырылады. «Спорт» пен «Спорт журналистикасы» ұғымдары КСРО секілді алып елдің құрамына енген жылдары мәлім болды.

Патшалық Ресей тұсында орыстан - Иван Поддубный, қазақтан - Қажымұқан Мұңайтпасов әлемдік аренада өнер көрсеткені тарихи шындық.

Ресей спорт комментаторлығын 1900 жылдары Санкт-Петербурда пайда болған «Маяк» Бүкіләлемдік христиан жас адамдар (жастар емес, жас адамдар) одағымен байланыстырады. Оны құрушы – америкалық Джемс Стокс. Бұл ұйым Кеңес одағы құрылғанша өмір сүрген. Оның негізгі мақсаты – жастарды дене мәдениетіне тәрбиелеу болды. Қазақ жұртшылығына Кеңес одағы қалыптасып, социализм идеясының кең таралуымен келгендігі қарастырылған.

Спорт журналистикасы терминінің Ресейде «Советский спорт», «Физкультура и спорт», Қазақстанда екі тілде шығатын «Спорт» басылымдарның дүниеге келімен орныққаны анық. Авторлар осы мақаласында қазақ спорт журналистикасының даму барысы, проблемалары, болашағы төңірегінде ой қозғайды.

Түйін сөздер: Sport, Desport, денешынықтыру, спорт, журналистика, Спорт журналистикасы, Ресейдегі спорт журналистикасы, Қазақстандағы спорт журналистикасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-128-3-14-21>

Кіріспе. Қазақстан спорт державасына айналып келеді. Жалпы қазақ халқы әлми-сақтан спортқа жақын халық. Сағат санап, күн санап өсетін батырларымыз бен той-томалақта бас бермейтін түйе балуандарымыз, кішкентайынан қозы-лақ бағып, келе-келе қой-ешкі, тана-тай, түйе, жылқы бағып, жүгіріп, мал төлімен, жарысып өскен қазақтың қара домалақ балалары спортқа бейім, дене бітімі бөлшек-бөлшек, мығым, жақын-алыс қашықтарға төзімді. Талай ғасыр бойы ұлан-байтақ жерін жауға бермеген алаш ұрпағы қазірге дейін сол қасиетінен бір де кем түспеген. Күрестен ешкімге есе жібермеген батыр ұлдарымыз да жетерлік: Ә. Айханов, А. Бұғыбаев, А. Ғабсаттаров, Ж. Үшкемпіров, Ш. Серіков, Д. Тұрлыханов секілді марқасқалар сол ұрпақтың заңды жалғасы. Бокстан Сидней Олимпиадасынан бері бір алтынсыз қайтпаған қазақтың жуан жұдырықты жігіттері де сол бабаларынан қалған алтын сарқыт. Спорттың басқа түрлерінен де қазақ осал емес. Алайда қазақ үшін ең табысты жарыс – 2012 жылы Лондонда өткен олимпиялық ойындар. Екі жүзден астам ел қатысқан әлемдік додада Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет он екінші орынға тұрақтады.

Осы байрақты бәсекеден кейін қазақ халқын, Қазақстан деген елді танымайтындар ілуде біреу ғана шығар.

Елі спортшы болса, оның спорт журналистикасы да дамуы керек. Әрине, бұл тұрғыда біз соншама ұятты да емеспіз. Дегенмен...

Осы қазақ спорт журналистикасы қай уақытта пайда болды десе, бүгінгілер осы саланың көшбасшысы Сейдахмет Бердіқұловтан бастайды. Рас, қазақ спорт журналисти-

касына Сейдағанның қосқан үлесі зор. Аталған саланы осы бүгінгі атауымен елеулі биікке көтерген де осы кісі. Бердіқұловтың өмір жолына үңілсеңіз, осыған қатысты талай сұраққа нақты жауап алатыныңыз анық.

Біз «Қазақ спорт журналистикасының түбі әріде жатыр» деген мақаламызда қазақ спорт журналистикасының сонау Алпамыс, Қобыланды батырлар заманынан, тіпті, одан да ертеректен, протоқазақ асауды тұңғыш ауыздықтап, ат жалына жармасқан тұстан бастау алғанын жазғанбыз [2].

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында қазақ жерінде газет-журналдар пайда бола бастағанда да қазақтың ұлттық ойындары туралы хабар-ошар, шағын мақалалар жарияланып тұрған. Бұл жиырмасыншы ғасырдың ортасына дейін созылды. Арасында телекомментаторларға байланысты фактілердің болғанынан да хабарымыз бар. Белгілі спорт журналисі, бүгінде марқұм болған Өмірзақ Жолымбетов «алғашқы спорт комментаторы кім?» деген сұраққа қатысты Айтбай Хангелдиннің есімін атайды. Ол сол кездегі Түркормолдың тұңғыш және соңғы жетекшісі Ғани Мұратбаев 1928-1929 жылдары Ташкенде «Қазақ» футбол командасын құрып, Айтбай сол командада ойнағанын, ара-тұра радиоға жүгіріп келіп, репортаж жүргізіп кететінін айтады. Бұл – қазақ спорт комментаторлығының да жасын ұзартатын фактілердің бірі. Ал қазақ спорт журналистикасының маңдайы жарқыраған тұс – 1959 жылы қаңтарда Қазақстанда тұңғыш спорттық кәсіби басылым – екі тілде шығатын «Спорт» газетінің дүниеге келуі. Алғашқы жылдары бас редакторсыз шықса да бұл – үлкен құбылыс, қазақ спорт журналистикасы кеңістігіндегі жарқ еткен жұлдызға тең оқиға еді.

Әлгінде С. Бердіқұловты қазақ спорт журналистикасы мен әдебиетінің атасы деп қалдық. Сейдахметке дейін спорт тақырыбы көтерілмеп пе, спортшылар туралы кітап жазылмап па дерсіз. Көтерілді, жазылды. Сәбит Мұхановтың «Балуан Шолақ» повесі, Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі, Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаяты – керемет дүниелер. Осы үш шығарманың арқасында Қазақстанда қаншама спортшылар тәрбиеленіп шыққанын есептемей-ақ қоялық. Бірақ сол кездері қазақтың талай жастарының Балуан Шолақ, Хамит, Қажымұқан болғысы келмеді дейсің. Әдебиет пен журналистиканың басты мақсаты осы – тәрбиелік, ұйымдастырушылық, ағартушылық қызметі екендігін біз білеміз. Алайда олар емес С.Бердіқұловтың осындай атаққа, қазақ спорт әдебиеті мен журналистикасының негізін қалау құрметіне ие болу құпиясы неде, ендеше?! Сейдахмет Бердіқұлов спорт тақырыбын әдебиетте де, журналистикада да кәсіби деңгейде жазып, биік сатыға көтерді. Бір Бердіқұлов «бешпетінен» шыққан журналистер тек спорт саласында ғана емес, жалпы журналистикада мыңдап саналады. Сондықтан болар, спорт тақырыбын жазатын үздік журналистерге тағайындалған жұлде де С.Бердіқұлов атында. «Жұмыр жерде теңбіл доп» (А., «Жазушы» (1968), «Аспаннан шұға жауған күн» (А., «Жазушы» (1975), «Арбаған мені бір сиқыр» (А., «Жалын», 1987), тағы басқа кітаптарының атауларының өзі бүгінде газеттерде, телерадио арналарында айдарға айналып, жұрт аузында мысал болып қалыптасып кетті [3].

Бүгінде интернеттегі спорт журналистикасы қарқыны бөлек. Бұл кезең блогерлерге сенетін, интернеттегі хабар-ошар арқылы жаңалық таратуға көшкен кез болып тұр. Әлі есімізде, Лондон Олимпиадасына блогерлерді көптеп жібердік. Олар да сенімнен шыққан, жоғарыда айтып кеткендей, біз үшін сәтті болған осы жарыстың басынан аяғына дейін лапылдатып жаңалықтты тараттық та отырдық. Бразилияда, Сочиде өткен Олимпиадада да осы жолмен жүрдік. Жиырмадан астам блогер аттанды Риоға. Бұдан не ұттық? Түк те.

Интернетке тән жылт еткен жаңалық жерде қалмай тез тарап жатты. Шағын, қысқа ақпараттар. Бәлкім, төрт жылда бір өтетін тарихи жарыстан кейінгі келесі олимпиада арасындағы цикл сәтті жалғасын тауып, жеткен жетістігіміз бен олқы тұстарымыз талданар, болашақ командаларымыз соған қарап болашағын тандар дегенбіз. Үміт ақталмады. Талдау

жасалмады. Әрине, өздігінен барып (бірі турист ретінде, бірі өз басылымдарының қаржысымен дегендей), бірен-саран шежіре дүниелерімен көрінген Н.Жүнісбаев, Қ.Рысбек, Б.Тайжан секілді кәнігі қаламгерлер болмаса, қайтер едік.

Өз қаражатына барғандарда тек туристік құқық қана болды: барлық спорт жарыстарына өз қалауымен барып көре алмады. Оны кейін біреулерден естіп немесе жарияланған БАҚ материалдары арқылы толықтырып жатты. Білгенін, көргенін емес, негізінен естігендерін жазды. Журналистика бұдан қалай дамиды?

Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады: спорт журналистикасы хабар-ошар жеткізуші ұсақ-түйек шағын жанрлы журналистикаға айнала бастағандай. Талдау жоқ. Рио мен Токио арасында тура осындай күйді бастан кешіп отырмыз. Бұл олимпиада да жазатын, талдайтын, білікті журналистерді апармасақ, түбі қазақ спорт журналистикасы ұсақталып кететін секілді. Оның үстіне бүгінгі спорт журналистері кәсіби емес, журналистикаға өз аяқтарымен «келген» жанкештілер.

...Спорт туралы толыққанды, біліп, түйсініп жазатындар спорт саласынан білімі бар мамандар болған. Сол саланы оқып бітірген кәсіби журналистер. Мысалы, Несіп Жүнісбаев. Қазақ спортының шежіресін жазып жүр. Кезінде оқырман қауым іздеп жүріп оқыған «Үшінші раунд», «Футболмен тыныстаған Испания», «Мексикадағы футбол тойы», «Олимпийский маршрут» секілді кітаптардың авторы [4]. Несіп 1970 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1975 жылы қызыл дипломмен бітіріп шығады. Ал 1996 жылы Қазақ дене шынықтыру институтын сырттай бітіріп, бапкер-ұстаз мамандығын алады. Он олимпиадалық ойындарға барып, қазақ спортының шежіресін мүсіндеп жүр. Футболдан әлем чемпионаттарының талайын өз көзімен көріп, «футболмен тыныстап қайтқан» спорт жанкүйері.

Қазақстан Республикасының спорт шебері, жоғары ұлттық дәрежедегі төреші, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Н.Жүнісбаевтің спорт журналистикасында біліктілікпен, түбін қазып, терең жазып жүруі тек журналистика факультетінде жазып-сызуды үйреніп қана қою, тәжірибе жинақтаудан ғана емес, спорт саласында да арнайы білім алып, спорт түрлерін жан-жақты біліп, спорт психологиясын зерттеп шығуымен де байланысты. Оның үстіне, әлгінде айтып өткеніміздей, өзі де спортшы.

Қазақ спорт журналистикасының атасы Сейдахмет Бердіқұлов пен Несіп Жүнісбаевтың төл шәкірті Қыдырбек Рысбекұлы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. «Лениншіл жас» газетінің спорт бөлімінде Несіп ағасының қарамағында жұмыс істеп, спорт журналистикасының қыр-сырын үйренген. Артынан осы ағасының ізімен жүріп, Қазақ дене шынықтыру институтын сырттай бітіріп, арнайы білім алған. Міне, осы басымдық оның спорт туралы жазған барлық мақалалары мен кітаптарында, құрастырған жинақтарында («Қазақ балуандары», «Қазақ боксшылары») анық байқалады. Бүгінде Қыдырбек қазақ спортының тарихшысы деген ресми емес атаққа ие. Жеке өз басым спорт журналистикасында «спорт шежірешісі», «спорт тарихшысы», «бокс тарихшысы», «күрес тарихшысы» деген қосымша дәреже-атақтардың болғанын қалаймын. Өйткені, спорт журналисі белгілі бір спорт саласын терең зерттеп жазып жүрсе, ол саланы ол журналистен артық білетін ешкім жоқ деген сөз. Ендеше ол сол саланың білгірі, тарихшысы. «Қазақта қанша әлем чемпионы бар (олимпиадалық спорт түрлері бойынша қазақ жігіттерінен шыққан дүние жүзінің чемпиондары туралы)?», «Қазақтың білікті бапкерлері» атты дүниелер жазып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Мұны арнайы – кәсіби білімсіз өзінше жазып шығу оғай болмас еді.

Жиырма жасында бокстан қазақ жастары арасында тұңғыш әлем чемпионы болған Б.Саттарханов туралы «Бекзат», қазақтың түйе балуаны Ә.Айханов туралы «Әбілсейіт» атты танымдық кітаптары да есте. Қыдырбектің қай дүниесін оқысаңыз да тек қаламы қарымды журналист қана емес, спортты өте жақсы білетін маман екендігі де байқалып тұра-

ды. Тіпті, осы жігіт жоғалып кеткен немесе түрлі себептермен өзге ұлт қатарында аталып жүрген атақты спортшыларды да өзінше ізденіп, зерттеп жүріп туған еліне қайтарғанын біреу білсе, біреу білмейді. Мысалы, ауыр атлетикадан ең ауыр салмақта Мәскеу олимпиадасының жеңімпазы (1980), әлемнің екі дүркін чемпионы (1979-1980), екі мәрте әлем рекордшысы, өткен ғасырдың сексенінші жылдары дүние жүзінің ең күшті адамы ретінде Гиннестің рекордтар кітабына тіркелген Сұлтан Сабырұлы Рахманов туралы. Қарақалпақстанда туылғандықтан өзбек болып жазылып кеткен этникалық қазақ, әкесі қазақтың қаңылы руынан, шешесі украин ұлтының өкілі. Мұндай азаматты іздеп табу үшін де спорттың тарихын, спорттың түрлерін жақсы білу аздық етеді, ізденгіштік қасиет те қажет [5]. Кезінде өзбек елінде туып Мюнхен Олимпиадасында чемпион атанған Әлжан Жармұхамедовті жұрт білді, бірақ оның қазақ екені осы Қыдырбектің жазбаларынан кейін ғана анықталып жатыр. Қазір қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы кім десе, Әлжан Жармұхамедов деп жауап берер еді. Бұл да спорт тарихын шұқылап, зерттеген Қыдырбек Рысбекұлының спорт журналистикасына кәсіби тұрғыда қадам басқанынан деп есептеуге болады [6].

Ендігі бір спорт саласы бойынша арнайы білім алған журналист Төлеубек Қадырмолла. Бір қызығы, осы үш қаламгер де өз журналистік жолдарын «Лениншіл жас» (Төлеубек – «Жас Алашта») газетінде бастағаны. Бұл газет кезінде спорт басылымы рөлін орындаған. Газеттің талай жыл бойы бас редакторы болған Сейдахмет Бердіқұловтың өзі құр қол болмағанынан хабарымыз бар. Спорттың бірнеше түрін терең меңгерген, өзі де бірнеше спорт түрінде өнер көрсеткен. Осы кісі туралы кезінде «Сонау бір жылдары қазақ спорты тұралап, қиын шақтарды бастан өткеріп жүрген сәтте ұлтымыздың белгілі бір тұлғасының «Әттең Спорт комитетінің басына осы Сейдахметті отырғызса, қазақ спорты өркендеп-ақ кетер еді» деп жазыппыз [7]. Сол 1970-80-жылдардың өзінде Сейдахметтің спорт төңірегіндегі біліктілігі спорт шенеуніктерінің өзінен асып тұр ғой.

Біліктілік деген осы. Спорт журналисі үшін тек спортты біліп қана қою жеткіліксіз, оны іштей ұғыну керек. Бұл дегеніңіз спортпен «ауыру», спортпен өзі де шұғылдану деген сөз.

Төлеубекке қайта оралайық. Ол да спорт институтында оқып, спорттық білімін жетілдірген. Бүгінде «Қазақ спорты» газеті бас редакторының орынбасары. Талдамалы материал жазудан алдына жан салмай келе жатқан маман. «Аналитика жағынан Төлеубек Әділбекұлының беталысы жақсы. Төлеубек бүгінгі таңда сараптама мен спорт маманы қызметін қатар алып жүр. Бұл – құптарлық шаруа [7]».

Ресейлік белгілі журналист, Челябинь облысының бес рет ең үздік спорт журналисі атанған Михаил Араловец Оңтүстік Урал университетінің сайтында жарияланған сұхбатында спорт журналистерінің шамамен жүз пайызы бұрынғы спортшылар екенін, өзінің де баскетбол және шахматпен шұғылданғанын айта отырып, «ең маңыздысы – спортты жіліктей білу керек» деген ой айтады [8].

РГУФКСМиТ – Ресей мемлекеттік денешыңқтыру және спорт, жастар мен туризм университетінде филология және спорт журналистикасы кафедрасы бар. Бұл – аталған оқу орнында нағыз кәсіби спорт журналисі даярланады деген сөз [9]. Спорт журналисі В.Г. Кудрявцев те «журналистикаға көпшілігі спорттан келеді» десе, тағы да бір танымал спорт журналисі Елена Романова «жақсы спорт журналисі болу үшін өзіңіз шұғылданған спорт түрін ғана емес, қалғандарын да білуге тиіссіз» деп ашық айтады [9].

Шынында да, спорт журналистикасының тарихына үңіле қарасаңыз, спорт журналистерінің басым бөлігі спорттан келген. Сол Н.Озеров та, К.Махарадзе де, ағайынды Майоровтар да, В.Перетуриң де, В.Маслаченко да. Кешегі К.Генич те футболдан келген [10]. Бұл үрдіс Қазақстанда да бар. Қазақ футболын биік деңгейге жеткізген қазақ Пелесі – Т.Сегізбаевтың екінші мамандығы – журналист, Мәскеу Олимпиадасында көгалдағы хоккейден репортаж жүргізген тұңғыш қазақ Д.Омаров та доп тепкен. Н.Жүнісбаев пен Қ.Рысбекұлы

– тоғызқұмалақтан Қазақстанның спорт шеберлері. Тіпті, Несіп ағамыз Қазақстанның осы зияткерлік өнерінен тұңғыш чемпион да болған. Бүгінде табысты репортаж жасап жүрген комментатор Е.Мәулен де футбол ойнаған. Бұдан спортты жақсы жазып, елдің көңілінен шығып жүрген азаматтар спортты тек тамашалаушы емес екенін көреміз.

Медиа зерттеуші Элих Катц бүгінгі күні жылдам өзгеріп жатқан оқиғалар мен ақпараттарды жедел жеткізу үшін кәсіпқой редактордан немесе сұхбаттан бас тарту, атап айтқанда, «дәстүрлі көзқарастағы журналистика аяқталу алдында тұр» дегенді айырықша атап көрсетеді [2]. Жаңа технология ақпаратты аса шапшаң таратып жатқандықтан оны жинау, жазу және өңдеу үшін уақыт жеткіліксіз, сонымен қатар арналардың өзара бәсекелестігі қабылдаушыларды еріксіз оқиғаның қатысушысы ретінде сезінуге итермелеуде. Кешкі бағдарламаға арнайы әзірленген жаңалық эфирге шықпай қалу ықтималдығы өте жоғары. Себебі жиырма төрт сағат бойы үздіксіз жүріліп жатқан ақпарат ағынындағы соңғы «жанды» жаңалықтар «ескі» хабарламаларды салыстырмалы түрде қатардан ығыстыру қарапайым құбылысқа айналуда. Сондықтан журналистер мүмкіндігінше дер кезінде дайындалған хабарларды жеткізуге тырысады. Алайда біздің ақпараттық технологиялық деңгейіміз әлі жоғары мүмкіндікке жетпегендіктен «жанды» немесе «шамамен жанды» дейтін санаттағы хабарлар саны шектеулі.

CNN стиліндегі журналистканы қолдаушылар көрермендердің өзіне редакциялау мүмкіндігін бергенімен ерекшеленеді деп санаса алайда сыншылар мұны кәсіби маман атқару керек деп есептейді. Сонымен қатар мамандар – журналистер қателік жасауы немесе жалған мәліметтер таратуы мүмкін екендігін ескерте келе шағын хабарлар мен әлеуметтік-саяси процестер арасындағы айырмашылық жақындай түсуі мүмкіндігін жоққа шығармайды. Сондықтан заманауи журналистиканың жаңа ақпараттарды дер кезінде жеткізу артықшылығын бағалай отырып, дәстүрлі журналистика мен арасындағы тығыз байланыстың маңызын тиянақты зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Қысқаша айтқанда, заманауи журналистка дәстүрлі журналистканы ығыстыра ма немесе бірі келесісінің олқылықтарын толтыра ма деген сұрақтар жауабын күтуде.

Ақпараттың ең қорқынышты, шиеленісті, зорлық-зомбылықты яғни негативті сипаттайтын қазіргі бейнесі – қабылдаушыларға, әсіресе кез келген ақпараттан шектен тыс ләззат алатын ерекше адамдарға ешқандай дүниеге елең етпейтін мінез дарытып, «коллективті моральдық тозуға ұшыратуы» әбден мүмкін. Қазіргі заманғы шетелдік және отандық жаңалықтар бағдарламаларын көргенде, ғаламның бақылаудан шығып кеткендігі туралы қорытынды жасауға тура келеді. Ақпарат агенттіктерінің бұзақылық, зорлық зомбылық жайлы именбестен хабар таратып, назарды басқа жаққа бұруы қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге кері әсерін тигізуде екенін зерттеушілер бірнеше рет атап өтті. Жаңа технологияның соңғы жетістігімен қаруланған түсіруші топ адамзаттың ең қатыгез және қорқынышты оқиғаларынан тікелей эфир жасайды, ал бұл редакция үшін «жаңалық» емес екенін түсінбейді.

«Жанашырлықтан айырылу» – дегеніміз көрермендер мен оқырмандар осындай үрейлі оқиғаларды қайталап көре келе кінәлілер мен зорлаушылар жайлы олардың қорқыныш сезімін біртіндеп жоғалтуды атайды. Әлеуметтанушылар мұндай зорлық-зомбылық жайлы теледидардан үнемі көрсету қоғамдағы қайғылы жағдайды елемей, бей-жай қарайтын тасжүректердің санын көбейтіп, бүгінгі бейбіт өмірге қауіп төндіреді деген қорытынды жасады.

24 сағат бойы қызмет жасайтын әлемдегі ең ірі БАҚ-тардың бірі CNN – жаһандандың ірі себепкері. Сонымен қатар Reuters және Microsoft сияқты ғарыштық жетекші медиа жасаушылар электронды журналистика әлеміне үстемдік етуде. Электронды журналистика ғарыштық және уақыттық факторларға тәуелді емес, әлеуметтік мәдени жүйеде ақпаратты таңдау, жинау, көрсету, тарату жолында жаңаша үлгіде. Жаңа медиа мен дәстүрлі журналистиканың деректерді жинау әдісінде айтарлықтай айырмашылық болуымен қатар мұны «жаңалық туралы білік» деген мағынада түсінуге болады [3].

Кибернетика тұжырымдамасының ажырамас бөлігі болып табылатын компьютерлік технологияны кеңінен қолданатын ақпарат құралының жаңа буынын байланыс ғылымында кибержурналистика деп атайды. Зерттеушілер оны «телевизия және интернет арқылы жұмыс жасайтындар жаһандық тақырыптар бойынша білім алуда» деп түсіндіреді [4].

Кибернетика – бұл тірі организм, көлік құралдарының және қоғамның басшылық және ақпарат берудегі жалпы ұйымдық құрылымы туралы ғылым. Сондықтан қазіргі заманғы ең кеңінен қолданылатын БАҚ жүйесі кибержурналистика деп аталады.

Кәсіби журналистика деңгейінде конвергенция немесе ұқсастық қоғамдық БАҚ-тарды өзара интеграциялауға әсер етеді. Бір ақпарат құралының міндетін басқасына ауыстырудың нәтижесінде бірдей мазмұнды әртүрлі арналардан қабылдауға мүмкіндік туып, байланыс пен ақпарат арналары жайлы ескі ұғымдар түбегейлі өзгертін болды. «Ескі» ақпарат құралдарының болашағы белгісіз» [5].

Бірақта, зерттеушілердің айтуынша қоғам тарихында қарым-қатынастың жаңа пайда болған түрі ескі құралдарды толығымен жоққа шығармаған. Керісінше бұған дейінгі ақпарат құралдарының артықшылығын тиімді пайдаланып, жаңа технологияның жаңа әдістерімен ұштастыра пайдаланып келген. Әртүрлі ақпарат құралдарының өзара жақындасу, бірігуі әртүрлі арналар үшін біріккен медиа өнімдердің жасалуы жаңа композициялардың пайда болуына себепші болуда. Қазір біздің баспа өнімдерімізде әртүрлі БАҚ элементтерінің сипатына ие жазба түрінің көбеюін осы арқылы түсінуге болады. Сарапшылар бұл процеске әртүрлі көзқараста қарайды.

Олардың кейбіреулері өте оптимистік көзқараста. Мысалы, ресейлік тележурналистика зертеушісі В. Егоров жазба түрлерін реформалауды «тірі» процесс деп атаса, Л. Землянова қатарлы зерттеушілер қарсы болды [6]. Соңғы жылдары байланыс теориясы бойынша маманданған зерттеуші Л.М. Землянова: «Бұл ақыр соңында БАҚ-тың бұқараны қамтитын байланыс қатынасының қабілетін және адамдар оны жеке басының мүддесіне пайдалану аралығындағы қатынастың бұзылуына ықпал етіп, БАҚ-тың бұқараға қызмет етуші мақсаты ешқандай мәнсіз болуына алып келеді», - деп жазады [6].

Әлеуметтану мен саясаттану ғылымында «депривация» ұғымы адамдардың, қоғамдық топтардың өмірлік қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің азаюына, кемуіне немесе сондай мүмкіндіктен айырылуына қатысты әлеуметтік процестерді сипаттауда қолданылады. Жаңа цифрлық медиалар қоғам мен адам өмірінде депривациялық құбылыстардың күшеюіне жол ашты. Өйткені, бұқаралық медиалар мен ондағы медиапсихологиялық тәсілдердің сапалы жетілуінің нәтижесінде адам мен қоғам өмірдің шынайы, объективті картинасын көру мүмкіндігінен айырылды. Жарнама беруші де, билік құрылымы да, билікке қарсы саяси күштер де ақпаратты өзінің мүддесіне сай бұрмалап, адамның санасына өздеріне қажетті образдар мен пікірлерді, көзқарастарды жарыса таңа бастады.

Әлемде болып жатқан саяси шиеленістер, әскери қақтығыстар, террорлық сойқандардың барлығы бізге тура ақпарат күйінде емес, бұрмаланған, интерпретацияланған формада келіп жетеді. Оның ішінен шындық пен өтірікті, ақ пен қараны аршып алу үшін де жоғары кәсіби біліктілік, сол мәселелерді кәсіби деңгейде сараптай алатын маман болу керек. Міне, бүгінгі күнгі адамдардың ақпаратқа деген, білімге деген өмірлік қажеттіліктерінің депривацияға ұшырауын осындай көріністер арқылы түсіндіреміз [6].

Қазіргі уақытта конвергенттік журналистика алдында осындай мәселелерді қойып отырғаны рас. Мұны интернет журналистикадан немесе әлеуметтік желі ақпараттарынан оңай аңғаруға болады. Бүгінде кез келген адам қолдағы материалын электронды жүйеге жүктей алады, мұны бір сайт «ақпарат», екіншісі «ойын-сауық», ал үшінші «жарнама» деп атайтыны қарапайым құбылысқа айналды. Кез келген оқырманның интернетке жүктеген материалын кәсіби журналистикадан ажырату оңай, бірақ қандай жазба түріне арналғанын ажырату критерийлері жоқ. Мұндай критерийлерді белгілеу де мүмкін емес.

Желілік журналистика көбінесе басқа ақпарат құралдарының ортақ сипаттамаларын ескере отырып, біртіндеп өзіндік үнін, келбетін, материалды жазу оны орналастыруға дейін ықпал етуге тырысады. Әрине, жаңа медиа өзіндік ерекшелігін айқындау үшін белгілі бір уақыт қажет ететіні түсінікті. Мысалы, бұхаралық сипаттағы мерзімді баспасөз өнімдері 50

жылдан астам уақыт өткен соң 1880-ші жылдардың соңына қарай ғана заманауи басылымға тән сипатқа ие болды. Теледидар алғаш пайда болған кезде онда жаңалықтар қызметі газет мәтіндерін тікелей оқумен шектелетін. Тек қана бейнежазбалар қарқынды дамып әрі кеңінен таралған кезден бастап тележурналистер бұқаралық бағдарламалар дайындау мен таратудың өзіндік тәсілін әзірледі.

Бірақ бір нәрсені – мойындау керек. Жаһанды қамтыған интернеттік желі журналистерге өздерінің білімдері мен біліктерін сынап көруге, қалаған ақпаратын табуға, басқалардан үйренуге және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін әртүрлі шектеулерден арылып, барынша еркін болуға мүмкіндік берді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуының нәтижесінде жаңа медиалық арналардың қатары артып, интернет пайдаланушылардың саны бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп, әсіресе соңғы онжылдықта дәстүрлі журналистиканың негізі босаңсыды деуге болады. Кейбір батыстық ықпалды журналдардың жазуы бойынша көпшілікті қамтыған ақпарат құралдарының серпіні аяқталып, жеке тұлғаның қатысуымен немесе партиципаторлы ақпарат құралдарының кезеңі басталды» [7].

Ақпараттық жаңа технология дәуірінде қабылдаушылар саны бірте-бірте азая түсетіндігі сезіліп отыр. Адамдардың назарын аудару үшін орта және ірі ақпараттық компаниялар ғана емес, сонымен бірге кішігірім компаниялар, жеке тұлғалар бірігіп немесе ақпарат таратушылар бір-бірлеп әрекет етуге тиіс. Олар өздері өндіретін ақпараттық өнімдердің нәтижесінде кейбіреулері жетістікке жетіп, енді біреулері банкротқа ұшырайды. Бірақ бұл мәселе қатты алаңдатпайды, себебі олардың мақсаттары мен себептері басқа. Таразының бір басындағылар ақпаратты өздерінің атақ даңқы мен танымалдығы үшін жасайды, ал екінші жағындағылар жеке тұлғаның супербрендін қалыптастыруға тырысады. Заманауи ақпараттық нарықта адамдар жаңа ақпарат құралдарын (сондай-ақ, кірістің негізгі көздері болып табылатын жарнама) белсенді «пайдаланып» оның іс әрекетіне белсенді араласатындығы – ақпараттың белгілі деңгейін қандай да бір жолмен, кез келген тәсілмен жасап жатқандығының дәлелі бола алады. Зерттеулерге қарасақ, американдық жасөспірімдердің жартысынан көбі интернеттегі мәтіндерден бастап, фото, бейнеклип, музыка сияқты әртүрлі контенттерді жасап шығаратыныны айтылады.

Жеке тұлғаның араласуымен өндірілген ақпарат өнімдерінің басты ерекшелігі – қабылдаушылар мен авторлар арасындағы айырмашылықты азайтуға бағытталған. «Бір адамнан көп адамға» бағытталатын дәстүрлі журналистиканың «ұстаз дәрісі» сипатындағы байланыс бүгінде жеке адамдар арасындағы «әңгіме» болып өзгеріп жатыр. Бұл өзгерістер дәстүрлі журналистиканың негізгі қағидаларын өзгертуге әсер ете бастады. Бүгінде жастардың көп бөлігі, болашақта адамдардың белгілі мөлшері ненің рас ненің жалған екендігіне өздері ұйғарым жасайтын болады. Бұған әсер ететін көптеген факторлар бар екендігі белгілі. Олар кейде кәсіби редакторлардың таңдауына сенсе, енді бірде бүгінде пайда болған жаңа технологиялар мен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде анықталған көпшіліктің ортақ ой пікірін құрметтейді.

Бүгінде шамамен әрбір адам жеке блог жүргізеді. Ал журналистика дербес жеке сала емес адамдар арасында пікірлесу алаңы болып өзгергенін біз сәт сайын сезініп отырмыз. Бүгінгі журналистика тек дәстүрлі журналистиканың электрондық нұсқасы емес, блог(blog) және азаматтық журналистика(citizen journalism) деген екі формасымен ерекшеленеді. Басқаша айтқанда, блог – адамның жеке электронды күнделігі, ал азаматтық журналистика – адамдар өзінің қалаған шығармашылық өнімін сайттарға ұсына алатындығын білдіреді.

Азаматтық журналистиканың артықшылықтарының бірі – жасалып жатқан контенттің жергілікті ең жақын ортаға сай сипатты (гиперосталинге) болып келуінде. Басқаша айтқанда, авторлар мектептің спорттық жарыстары сияқты жергілікті газеттер үшін кіші-

гірім, маңызы аздау жаңалықты құнды ақпарат ретінде ұсына алуы қалыпты жағдай. Әрине, қоғам үшін блогерлерден бастап азамат-журналистерге дейін жасаған өнерлі тұлғалардың үлесі ерекше екендігі түсінікті.

Кейбір зерттеушілер қазіргі кездегі тұрақты басылымның бүгінгі жағдайына қарап, болашаққа тым пессимистік көзқараста болып отыр. Мысалы, апталық Commentary журналында Джозеф Эпштейн газеттердің ешқандай бос кеңістіксіз шығып жатқандығын сынап, егер осылай жалғаса берсе газет шыбын өлтіргіш немесе балық орауға ғана қажет болады деп келеке етеді. Сонымен қатар оның ең соңғы газеттің ең соңғы оқырманы 2040 жылы оны оқиды деген пікірі қызықшылық тудырып отыр.

Бүгінде газет өндіру саласы өте қиын уақытты бастан өткеріп жатыр. Соңғы екі онжылдықта баспа басылымдары күрт төмендеді. Жастардың көпшілігі күнделікті газеттерді оқымайды.

Дегенмен, қиын жағдайға ұшыраған басқа секторлар сияқты бұл саланың да өзіндік артықшылыққа ие болып отырғандығын зерттеушілер айтуда. Газет басылымы қанша азайды дегенмен де 2004 жылы Американдық 12 ірі газеттің орташа табысы Fortune журналының тізіміне кірген 500 компанияның 21 пайызын иеленген.

Бүгінгі медиа магнаттарға дейін медиа өзгерістің тиімді жағын дұрыс пайдаланып, түсіне бастаған. Руберт Мердок: «Ақпараттық индустрия орынсыз немұрайлылық танытуда ... Газет сайттары диалог алаңы болуы керек. Цифрлы жүйе әлемінің тұрғындары енді газет шығарушыларға хаттар жібермейді, интернетте кіріп өздерінің блогтарын жүргізе береді.

Біз осы блогерлердің хатын күтіп отыратын адам болуымыз керек» - деген [7]. Сондықтан Мердок жастар арасындағы ең танымал, беделді блогерлердің жұмыс жасайтын MySparc сайты сатып алған болатын.

Қазіргі заманғы медиа революция алдыңғы дәуірдегі ақпараттық революция сияқты сөздік қорымызға жаңа сөздер мен жаңа теориялар енгізуде. XX ғасырдың басында «Манчестер Квардия» газетінің редакторы, Чарли Скотт «телеарна» (television) жартылай грек және жартылай латын тілінен алынған деп сынаса, бүгінде оданда басқаша тұрпатты терминдер қалыптасуда. Мысалы, «блог» сөзін алғаш 2004 жылы Merriam-Webster баспа мекемесі пайдаланған болса, 2005 жылы американдық «Нью-Оксфорд американдық сөздігінде», подкаст, содан кейін folksonyk сөзін қолданды. Бұл үрдіс біздің журналистикада да үйреншікті құбылыс болды. Бүгінгі онлайн баспа, онлайн журналистика, блогтар, азаматтық журналистика, кибер журналистика, контент, коммент және т.б. терминдерді күнделікті пайдалануымыз осының жақсы мысалы болып табылады.

Газеттер өз электронды нұсқаларына жаңа үрдістерді енгізіп жаңа жолдарды іздеу талабы туындап отыр. Біріншіден, мақалада оқырмандарға қысқаша ақпарат беретін мазмұны болуы керек, ал бұл жайлы редакциялар ерекше назар аудару керек. Оқырмандар электронды басылымды оқыған кезде, олар әдеттегі газет ретінде басқы бетінен бастамайды, олар өздеріне қажет ақпарат бар бетті тікелей ашады, сондықтан баспасөздің кез-келген бетіне көшіп, керекті деректерді тереңінен табуға қол жетімділігін қамтамасыз ету керек. Басқаша айтқанда, оқырманның назарын тікелей тартатын элемент болу керек. Екіншіден, әр беттегі материал оқырманға ықпал ету үшін ынталандыруды табу маңызды. Әрбір мақаланың рейтингісі үшін арнайы like немесе жұлдызшалық таңба болуы мүмкін және белсенді қатысушыларға автормен тура кеңесу немесе дебаттар үшін жеке бұрыштар мен терезелерді аша алады. Кейбір жағдайларда түрлі теріс әрекеттерден аулақ болу үшін қатысушыларды тіркеу қажет. Бұл мүмкіндіктің кеңеюіне байланысты электронды газеттерде блогтардың, блогтарда жеке газеттердің сипаты пайда болады. Бұл жерде мәселе «азаматтық журналистика» емес. Журналистика өзінің дәстүрлі ерекшеліктерін жоғалтқандықтан, мемлекеттік мекемелердің кәсіби мониторингін және бақылауын тоқтау мүмкін. Басқаша айтқанда, демократиялық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығын көрсететін мүмкіндік туындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Горохов В., Гринберг Т. Интерактивная журналистика: Путь в будущее // Журналистика и литература на рубеже нового тысячелетия. / В. Горохов, Т. Гринберг - Москва, 2000. - 281 с.
- 2 Katz E. The End of Journalism? Notes on Watching the War // Journal of Communication. 2017 42(3). - P. 9.
- 3 Бакулев Г.П. Массовая коммуникация: Западные теории и концепции. / Г.П. Бакулов - Москва, 2010. - 159 с.
- 4 Землянова Л.М. Пресс-бизнес в условиях развития кибержурнализма // Вестник МГУ. Серия «Журналистика». - 1999. - №3. - С. 71.
- 5 Вартанова Е.Л. Конвергенция как неизбежность // От книги до интернета: Журналистика и литература на рубеже нового тысячелетия. / Е.Л. Вартанова - Москва, 2000. - 240 б.
- 6 Егоров В. Телевидение между прошлым и будущим. / В. Егоров - Москва, 1999. - 360 с.
- 7 Землянова Л.М. Зарубежная коммуникативистика на рубеже веков / Л.М. Землянова - Москва, 2000. - 365 с.

Зулпакил Маулет, Б. Токтарбай

*Монгольский государственный университет, Улаанбаатор, Монголия
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Информационные технологии и традиционная журналистика

Аннотация. В статье рассматриваются основы доступа к именам электронных эквивалентов в нашей базе данных. Сегодня новые информационные технологии стремительно развиваются и быстро меняются и выступают общественным институтом.

Под влиянием новых информационных технологий традиционная журналистика развивается вместе с новыми медиа, с новыми тенденциями. В статье авторы подробно обсудят интерактивный характер уникальных черт современной журналистики и роль личности в ней.

Одной из важнейших особенностей информационных технологий является интерактивность. Этот интерактивный характер привел к отказу от концепции и принципов линейной модели науки о науках.

Ключевые слова: информационные технологии, общественные институты, журналистика, современная журналистика, личность.

Zulpakil Maulen¹, B. Toktarbai²

*¹Mongolian State University, Ulanbaator, Mongolia
²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Information Technology and Traditional Journalism

Abstract. The article discusses the basics of accessing electronic equivalents' names into our database. Today, the new information technology is rapidly developing and changing, and has become a public institution.

Under the influence of new information technology, traditional journalism has been developing along with new media, with new trends. In the article, the authors will discuss in detail the interactive nature of the unique features of modern journalism and the role of an individual in the journalist.

One of the most important features of information technology is interactive. This interactive character has led to the rejection of the concept and principles of the linear model of science about the sciences.

Keywords: Information technology, public institutions, journalism, modern journalism, and personality.

References

- 1 Gorokhov V., Grinberg T. Interaktivnaya zhurnalistika: Put' v budushcheye [Interactive journalism: The path to the future], Zhurnalistika i literatura na rubezhe novogo tysyacheletiya [Journalism and literature at the turn of the new millennium]. (Moscow, 2000, 281 p.). [in Russian]
- 2 Katz E. The End of Journalism? Notes on Watching the War , Journal of Communication. (3) 42, P. 9. (2017).
- 3 Bakulev G.P. Massovaya kommunikatsiya: Zapadnyye teorii i kontseptsii [Mass communication: Western theories and concepts], (Moscow, 2010, 159 p.). [in Russian]
- 4 Zemlyanova L.M. Press-biznes v usloviyakh razvitiya kiberzhurnalizma [Press business in the development of cyberjournalism], Vestnik MGU, Seriya «Zhurnalistika», (3), 71. (1992). [in Russian]
- 5 Vartanova Ye.L. Konvergentsiya kak neizbezhnost' [Convergence as inevitability], Ot knigi do interneta: Zhurnalistika i literatura na rubezhe novogo tysyacheletiya [From books to the Internet: Journalism and literature at the turn of the new millennium], (Moscow, 2000, 240 p.). [in Russian]
- 6 Yegorov V. Televideniye mezhdru proshlym i budushchim [Television between the past and the future], (Moscow, 1999, 360 p.). [in Russian]
- 7 Zemlyanova L.M. Zarubezhnaya kommunikativistika na rubezhe vekov [Foreign communication at the turn of the century], (Moscow, 2000, 365 p.). [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Зулькәніл Маулет - Моңғолия мемлекеттік университеті, Улаанбатор, Моңғолия.
Тоқтарбай Б. – Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zulpakil Maulen - Mongolian State University, Ulanbatoor, Mongolia.
Toktarbai B. – PhD student at faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov
Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.



ҒТАХР 19.01.11

Ұ.М. Есенбекова

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ultmudde@mail.ru)

Трансмедиалық баяндаудың тұжырымын зерттеудегі теориялық ұстанымдар

Андатпа. Мақалада трансмедиалық баяндаудың тұжырымы мен сипаттары, транс-медианы медиа кеңістікте қолдану жолдары зерттелген. Ақпараттық технологиялар мен жаңа медиалар жүйесін жетілдірудегі рөлі сарапталады.

Мақалада трансмедианың теориялық тұжырымдары мен қағидалары талданып, ақпараттық-коммуникациялық саланың даму кезеңдеріне қатысты жүйелі сараптаулар жасалған. Қоғамның ақпараттық коммуникативтік әлеуетін өсіруге қажетті ұсыныстар берілген.

Ғылыми мақалада трансмедиа технологиялары мен коммуникациялық ортадағы көріністері; трансмедиалық стратегияның маңыздылығы мен аудиторияға әсері; интерактивті медиалар қызметінің әлеуметтік аспектілері жүйеленіп, сарапталған.

Автор коммуникативтік үрдістердің даму жолдарын анықтап, болжауға тиімді әдістемелер қолданған. Мақала трансмедиалық сторителлинг технологияларының ғылыми тұжырымдарын игеру мен ақпараттық-технология заманында ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу үшін, адам пен қоғамның дамуын қамтамасыз ету бағытында жаңа ғылыми ізденістерге көмегін тигізеді деген ниетпен жазылған.

Түйін сөздер: трансмедиа, кросс-медиа, продюсерлеу, трансмедиа типтері, франшиза, монетизация, трансмедиалық сторителлинг, трансмедиалық стратегия.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-128-3-61-66>

Трансмедиалық баяндау терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген америкалық философ және мәдениеттанушы Генри Дженкинстің тұжырымы бойынша трансмедиа басты 7 сипатымен ерекшеленеді. Олар: жайылғыштық, үздіксіздік, сериялық, көрерменді оқиға әлеміне енгізу, өзіне тартатын «ғаламдық оқиға» идеясын тауып, жасау, субъективтілік, аудиторияны қызықтыру.

Қазірдің өзінде продюсерлер өз жобаларында Дженкинс айтқан трансмедианың 7 сипатына көңіл бөліп, ойын-сауық индустриясының болашағы трансмедиалық баяндау технологияларына тәуелді болатынын жақсы түсінуде. Бұл технология ғылыми және кәсіби ортада «трансмедиалық баяндау», «мультиплатформалық баяндау» немесе «жақсартылған баяндау» деп әртүрлі анықталып келеді. Әлі де бұл технологияны анықтауда бірізділік байқалмағанмен, оның продакшн бағытындағы өнімдер үшін маңызы бөлек екенін ғалымдар да, мамандар да мойындауда [1].

Генри Дженкинстің тұжырымын дамытқан жаңа медиаларды зерттеуші ғалым Джеффри Лонг трансмедиалық баяндауды 3 типке бөліп қарауды ұсынады. Бірінші, «қат-

ты» трансмедиалық баяндау. Бұл типке басынан бастап трансмедиалық технологияны қолдану жоспарланған жобалар жатқызылған. Екінші, «жұмсақ» трансмедиалық баяндау. Басталып қойған жобада қосымша ретінде трансмедиалық баяндау қолданылады. Үшінші, трансмедиалықтың ерекше түрі «ұзақ ойлануды қажет ететін» жобалар. Бұл жобаның авторлары бастапқыда трансмедиалық технологиялар үшін жобада ашық алаңдар қалдырып кейін трансмедиа тәсілдерін енгізуге шешім қабылдағандар [2].

Осы типтерді түрлі кейстер арқылы зерттеген Джеффри Лонг өзінің трансмедиалық технологияларды қолдану әдістемесін ұсынған. Ғалым трансмедиалық контент өндірісі үшін 10 дайын концепт ұсынады:

1. Ұтымды трансмедиалық баяндауда қолданылған франшизаға енгізілетін жаңашылдық дербес және пайдалы болуы тиіс.

2. Трансмедиалық оқиғаның дамуы нақты хронологиямен жүргізіліп, жоба мақсатына сай болуы тиіс.

3. Жобаның фрагменттері, басты оқиғаның орны мен кейіпкерлері, желісі бір-бірімен жақсы байланысып тұруы қажет.

4. Фрагменттердің тізбегінде логикалық оғаштықтар, қайшылықтар болмауы тиіс. Бас кейіпкерлердің іс-қимылдары мен мінездерінде үйлесім болуы маңызды.

5. Оқиға желісінің трансмедиа қағидалары бойынша тармақталуының қажеттігін терең ойланып шешкен дұрыс.

6. Трансмедиалық оқиға ашық па, жабық па? Егер оқиға тұйық болса, оны қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып ашу керек.

7. Алғашқы басталған сәттегі оқиғаның дамуы барысында оған қосылған фрагменттердің бір-бірімен тығыз байланыста өрістеуін қадағалау.

8. Аудитория жобадағы шешілмеген сұрақтарға жауап алғысы келеді, оқиғаны өрістете отырып бұл мәселені де оңтайлы шешкен абзал.

9. Қосымшаларды енгізу үшін оқиғаның дамуында жаңа сұрақтар мен жауаптардың болуын да ескеру маңызды.

10. Оқиғаны баяндау барысында жобаның үйлесімді дамуын графикалық тәсілдермен жүйелеуге назар аудару қажет. Трансмедиалық контенттің авторларына мұқият жазбалар жүргізіп, графиктер мен сызбалар арқылы оқиғада қателіктер жібермеуге көңіл бөлгені дұрыс [3].

Әлемдік деңгейде трансмедиалық технологияларға деген қызығушылық жоғары. Бизнесінің продакшн бағыты тарапынан трансмедиаға үлкен үміт артылуда. Үлкен перспективасы бола тұра трансмедиалық технологиялардың теориялық негіздері әлі де ғылыми зерттеулерге зәру болып тұр. Трансмедиа феноменіне ғалымдар соңғы 10-15 жылда көңіл бөліп келеді. Бұл құбылыстың анықтамалық аппараты толық түзілмеген. Өйткені, трансмедиа интерактивті ойын-сауықтың жаңа жанры ғана емес, трансмедиа көңіл-көтеру индустриясын ұйымдастырушыларды ойландыратын жұмбақ құбылыс [4].

Цифрлық дәуірдің технологиялық мүмкіндіктеріне сүйеніп жасалған трансмедианың келісілген тұжырымы жасалмаған. Тұжырымды қалыптастырудың түрлі тәсілдемелері бір-біріне қайшы келіп те жатады. Америкалық, батыс еуропалық теоретик және практиктер трансмедианы зерттеудің әдістемелік жүйесі мен жалпы теориясын бірыңғай негізге біріктіре алмауда. Трансмедианың өлшемдік сипаттары мен осы ұғымның басқа медиа құбылыстармен ықпалдасу шектері анықталмаған. Айтылған ғылыми сараптаудағы қиындықтарға қарамастан трансмедианың қолданыс алаңдары кеңейіп, ол жаңа мультимедиалық ортада өзіне деген сұранысты ұлғайта алады деген болжамдар бар [5].

Трансмедиалық баяндаудың тұжырымын зерттеудегі теориялық ұстанымдарда трансмедиалық жобаларды баяндау мен продюсерлеуді сүйемелдеу проблемаларына да бұрынша көңіл бөлінген. Трансмедиалық баяндау мен жобаларды продюсерлеудегі мәселелер

ғалымдар мен практик-мамандардың арасында дискуссияға ұласып жатқан тақырыптар. Лондонда жыл сайын шақырылатын Халықаралық коммуникация қауымдастығының конференциясы аясында өткен «Трансмедиалық баяндау: зерттеулердің теориясы, әдістері мен стратегиясы» атты семинарда қаралған мәселе ауқымы да кең болды. Семинарда мынандай бағыттағы ғылыми тұжырымдар мен ой-пікірлер түзілді: бірінші, ХХІ-ғасырдағы дәстүрлі коммуникациялық ландшафтың (ландшафт дегеніміз – түрі, бедері деген мағынада қолданылған) ғаламдық трансформациясын қараған, екінші, трансмедиалық баяндау медиакорпорациялардың негізгі стратегиясы деген тезис талданған, үшінші, трансмедиалық жобаларда қолданушы аудитория мен басты оқиғаның өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, аудиторияны медиа оқиғаны дамытуға, ұлғайтуға жұмылдыру мүмкіндіктерін күшейту талқыланған [6].

Қазақ еліне жақын орналасқан көрші мемлекеттердің ішінде трансмедиалық баяндау технологияларына деген қызығушылық тек Ресейде ғана жылдам өсім көрсетуде. Ресейлік медиа индустрияның мамандары 2010 жылдан бастап шетелдік мамандарды шақырып, түрлі үйретуші семинарлар мен кейс-кампусстар ұйымдастырып жүр.

2014 жылы медиа бизнестің мүмкіндіктеріне трансмедиалық технологияларды бейімдеуге арналған «Трансмедиа мен кросс-медиа: жаңа мүмкіндіктер, жаңа көжиектер. Басты тезистер» және «Трансмедиалық баяндау және контентті монетизациялау моделі» және басқа да көптеген семинарлар әртүрлі продакшн компаниялардың алаңдарында өткізілген. 2012 жылы «Синемоушн» кино-мектебі трансмедиалық оқиғалардың сценарийлерінің байқауын алғаш ұйымдастырса, «СТС медиа» холдингі Канн қаласында «Контент 360» деген атаумен трансмедиалық жобалардың халықаралық байқауын өткізді [7].

Жобаларды продюсерлеудің теориялық-әдістемелік негізін жүйелік және синергиялық тәсілдемелер құрайды. Енді жоғарыда талданған теориялық тұжырымдарды нақты трансмедиалық жобалар арқылы жіктеп көрелік. 2012 жылдан бері телевизиялық эфирден түспей келетін «Кухня» сериалы («СТС медиа») сәтті жасалған трансмедиалық баяндаудың ресейлік контент индустриясының жақсы үлгісі. Сериалдың әрбір сериясы түсіруге 200 мың доллар шамасында жұмсалады. Рейтингі бойынша Ресейдегі сериалдардың арасынан ұзақ уақыт 2-ші орынды иемденіп келді. Бұны керемет көрсеткіш деуге болады. Бұл ситком қазақстандық «31 арнаның» сеткасынан соңғы 5-6 жылда тұрақты орын алған [8].

Сериалды жүйелік тәсілдеме арқылы сараптайтын болсақ, бұл жобаның бір-бірімен ықпалдасудан туған элементтердің жиынтығы екенін байқаймыз. Бұл элементтерді төмендегідей жүйелеп көрсете аламыз:

- Бірінші, сериал әрқайсысы 20 сериядан тұратын 6 маусымнан тұрады.
- Екінші, толық метражды «Парижде», «Қытайда» деген фильмдер.
- Үшінші, «Кухня. Фильм туралы фильм» атты деректі фильм.
- Төртінші, «Кухня. Десертке деген махаббат» атты шыққан кітап.
- Бесінші, сериалдың барлық маусымдары енген DVD-коллекциясы.
- Алтыншы, сериалдың саундтректерінен жиналған DVD-коллекциясы.
- Жетінші, сериал туралы жиналған жаңалықтар лентасы, кейіпкерлердің презентациялары, түсірілім орындарынан жасалған фото-коллекция, түсірілім алаңын көрсететін виртуалды тур. Осының бәрі біріктіріліп мультимедиалық сервис түрінде ұсынылған.
- Сегізінші, Фейсбук, Вконтакте әлеуметтік желілерінде сериалдың ресми топтары тіркелген.
- Тоғызыншы, «Кухня» сериалының фан-сайты жұмыс істейді.
- Оныншы, сериалдың өзінің әлеуметтік желісі жасалған.
- Он бірінші, медиадан тыс сериалдың символикасы бейнеленген асүйге арналған ыдыстар мен сұйық сабын шығару [9].

Өзара байланысқан бұл компоненттердің барлығы бірыңғай трансмедиялық оқиғаны құрайды. Ілгерілеп даму үрдісімен өрістейтін оқиға сюжеті әртүрлі платформаларда бір мезгілде және қатар жүре отырып аудиторияға «баяндалып» жатады. Түсірілім сапасы, декорациялар, кейіпкерлердің репликалары ғылыми негізде жинақталып, әбден сарапталып алынғанын көреміз. Әсіресе, сериал сценарийіндегі кейіпкерлердің диалогтары, актер шеберлігі жоғары деңгейде екені анық.

«Кухня» сериалының әрбір элементі қаржылық жағынан өзін-өзі өтеп қана қоймай продюсерлерге мол табыс та әкелді. Элементтерді қаржыландыру әртүрлі көздерден жүргізілді. Біріншіден, сериал Ресейдің Мәдениет министрлігінің қаржылай қолдауымен жасалды. Екіншіден, жобаның барлық компоненттері телевизиялық нұсқадан бастап Интернеттегі мультимедиялық сервистер арқылы жарнамадан жақсы табыс тапты. Үшіншіден, «Кухня Парижде» атты толық метражды фильміне 2,3 миллион доллар жұмсалып, оның кассалық табысы 14 миллион долларды құраған. Өзін 7 есе артық ақтаған [10].

Барлық медиа платформаларда оқиға желісі мен жобаның брендині жақсы қиюластыру арқылы трансмедиялық жобаның монетизациясын өсіруге болады.

Қорыта айтқанда, трансмедиялық продюсерлеудің феноменіне медиа конвергенция үрдістері мен медиа өнімді тұтынудың технологиялық ортада өзгеше болатынын жатқызамыз. Ғылыми-теориялық негіздер мен пайымдауларға сүйеніп жасалған трансмедиялық жобалардың үлгісінен қазіргі медиа жобаларды продюсерлеуде дәстүрлі тәсілдердің жеткіліксіз болатынын көреміз. Жаңа модельдерді нарықта ілгері жылжытуға қажетті құралдарды теориялық және тұжырымдық қағидаларға сүйеніп жасау – цифрлық ортаның басты талабы болып қалыптасуда [11].

Жаңа дәуірдің ақпарат тұтынушысы өте талғампаз. Оған фильмнің, музыканың немесе басқа продакшн өнімдердің аттарын ғана жазып, қысқаша жарнама беру жеткіліксіз. Олар сол өнімнің әрбір бөлшегін, ұсақ-түйегін, түсірілу алаңына үңіліп, бас кейіпкердің экраннан тыс өміріне қаныққысы келеді.

Егер продюсерлер көрерменнің талғамын қанағаттандыратын ақпаратты бөлшектеп, әртүрлі медиалар арқылы жүйелеп таратып отырса, аудитория өзінің алғысын білдіреді. Фильмнің немесе бейне үзіктің таралу ауқымы өсіп, оның авторларына экономикалық жағынан үлкен табыс әкеледі. Осының бәрін жүйелеп жасау үшін де трансмедиялық баяндау технологиялары қажет. Медиа саласын зерттеуші ғалымдар трансмедиялық технологиялардың коммуникациялық ортада қолдану тиімділігін өсіру үшін оның теориялық негіздерін барынша толық жасауға күш салуда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Jenkins H. The Revenge of the Origami Unicorn: Seven Principles of Transmedia Storytelling [Electronic resource] Available at: http://henryjenkins.org/2009/12/the_revenge_of_the_origami_uni.html. ((Accessed: 21.06.2019 ж.).
- 2 Pratten R. Getting Started in Transmedia Storytelling: A Practical Guide for Beginners. / R. Pratten / R. Pratten – Seattle: CreateSpace, 2011. – P. 13-15.
- 3 Long G.A. Transmedia Storytelling: Business, Aesthetics and Production at the Jim Henson Company. / G.A. Long - Cambridge: Master Thesis, 2007. - 232 p.
- 4 Scolari C.A. Transmedia Storytelling: Implicit Consumers, Narrative Worlds and Branding in Contemporary Media Production / C.A. Scolari // International Journal of Communication, 2009. - Vol. 3., - № 4. - 2009. - P. 106-110.
- 5 Tellis Gerard J., Rajesh Chandy, Pattana Thaivanich. Decomposing the Effects of Direct Advertising: Which Brand Works, When, Where, and How Long?. [Electronic resource] Available

at: <https://doi.org/10.1509%2Fjmk.37.1.32.18716> (Accessed: 26.06.2019 ж.).

6 Silk Alvin J., Lisa R. Klein, Ernst R. Berndt. Intermedia substitutability and market demand by national advertisers. *Review of Industrial Organization* 20(4), 2002. - P. 323-348.

7 Ataman M., Berk Carl F. Mela, Harald J. Van Heerde. «Building Brands»: *Marketing Science* 27(6), 2008. - P. 1036-1054.

8 Eira Jones, Ruth. *Change the Story... Change the World: Transmedia Storytelling for Transformation*. - London: London South Bank University, 2013. - 108 p.

9 Lambert, J. *Digital Storytelling Cookbook and Travelling Companion version*, / J. Lambert. Digital Diner Press, 2003. - P. 10–16.

10 Phillips A. *A Creator's Guide to Transmedia Storytelling: How to Captivate and Engage Audiences Across Multiple Platforms Hardcover* [Electronic resource] Available at: <https://ebook/dp/B0088NGVJK> (Accessed: 29.06.2019)

11 Shankar A., Goulding, C. Interpretive consumer research: two more contributions to theory and practice. *Qualitative Market Research: An International Journal*, - 4(1), 2001. - P. 7-16.

У.М. Есенбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Теоретические основы разработки концепции трансмедиа сторителлинга

Аннотация. В статье исследованы концепция трансмедиа сторителлинга и способы использования трансмедиа в современном медиа пространстве. Анализирована его роль в совершенствовании информационных технологий и медиа систем.

Рассмотрены теоретические концепции и принципы трансмедиа, выявлены этапы его использования в информационно-коммуникационной среде. Составлены рекомендации по повышению информационно-коммуникативного потенциала общества.

В статье систематизированы и исследованы проблемы трансмедийных технологий и важность трансмедийных стратегий, ее влияние на аудиторию, социальные аспекты деятельности интерактивных медиа.

Автором использованы разные методологии для определения и прогнозирования трансмедийных процессов. Статья написана с целью разработки трансмедиа сторителлинга с учетом особенностей отечественного медиа рынка, использования форм трансмедиа для сохранения национальной идентичности, развития человека и общества.

Ключевые слова: трансмедиа, кросс-медиа, продюсирование, трансмедиа, франшиза, монетизация, трансмедиа-сторителлинг, трансмедийная стратегия.

U.M. Yessenbekova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Theoretical bases of concept development transmedia storytelling

Abstract. The article explores the concept of transmedia storytelling and ways to use transmedia in modern media space. Analyzed its role in the improvement of information technology and media systems.

Theoretical concepts and principles of transmedia are considered, the stages of its use in the information and communication environment are revealed. The recommendations for improving the information and communication potential of society.

The article systematizes and studies the problems of transmedia technologies and the importance of transmedia strategies, its influence on the audience, the social aspects of interactive media.

The author used different methodologies for determining and predicting transmedia processes. The article was written with the aim of developing transmedia storytelling, taking into account the peculiarities of the domestic media market, the use of transmedia forms to preserve national identity, human development and society.

Keywords: transmedia, cross-media, producing, transmedia, franchise, monetization, transmedia-storytelling, transmedia strategy.

References

- 1 Jenkins H. The Revenge of the Origami Unicorn: Seven Principles of Transmedia Storytelling [Elektronik resours] Available at: http://henryjenkins.org/2009/12/the_revenge_of_the_origami_uni.html. (Accessed: 21.06.2019).
- 2 Pratten R. Getting Started in Transmedia Storytelling: A Practical Guide for Beginners. CreateSpace, Seattle, 2011, P. 32-35.
- 3 Long G.A. Transmedia Storytelling: Business, Aesthetics and Production at the Jim Henson Company. Master Thesis. Cambridge, 2007. 232 p.
- 4 Scolari C.A. Transmedia Storytelling: Implicit Consumers, Narrative Worlds and Branding in Contemporary Media Production International Journal of Communication, 4(3), 2009, P. 106-110.
- 5 Tellis Gerard J., Rajesh Chandy, Pattana Thaiwanich. Decomposing the Effects of Direct Advertising: Which Brand Works, When, Where, and How Long?. Journal of Marketing Research 37(1), 2000, P. 32-46.
- 6 Silk Alvin J., Lisa R. Klein, Ernst R. Berndt. Intermedia substitutability and market demand by national advertisers. Review of Industrial Organization 20(4), 2002, P. 323-348.
- 7 Ataman M., Berk Carl F. Mela, Harald J. Van Heerde. Building Brands: Marketing Science 27(6), 2008, P. 1036-1054.
- 8 Eira Jones, Ruth. Change the Story... Change the World: Transmedia Storytelling for Transformation. London South Bank University, London, 2013, 108 p.
- 9 Lambert, J. Digital Storytelling Cookbook and Travelling Companion version, Digital Diner Press, 2003, P. 10-16.
- 10 Phillips A. A Creator's Guide to Transmedia Storytelling: How to Captivate and Engage Audiences Across Multiple Platforms Hardcover [Elektronik resours] Available at: <https://ebook.dp/B0088NGVJK> (Accessed: 29.06.2019)
- 11 Shankar A., Goulding, C. Interpretive consumer research: two more contributions to theory and practice. Qualitative Market Research: An International Journal, 2001, (1) 4, P. 7-16.

Автор туралы мәлімет:

Есенбекова Ұ.М. - филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Esenbekova U.M. - cand. sci (philology), associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

МРНТИ 19.61.11

А.Э. Сулейменова¹, А.М. Жусупова²

Костанайский государственный университет им. Ахмета Байтурсынова, Костанай, Казахстан
(E-mail: ¹ainurfromearth@gmail.com, ²zhussupova_a@mail.ru)

Региональное телевидение как объект культурного воздействия на аудиторию местного сообщества

Аннотация. Региональное телевидение чаще всего рассматривается как особый элемент в медиаэкономике, однако в мире глобальной информации именно местное телевидение становится источником культурной самооценки. В данной публикации рассматриваются результаты исследования телевидения города Костанай как объекта в вопросе культурного самоопределения местного сообщества. С этой целью определена роль телеканалов региона и проведена фокус-группа среди студентов кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента в рамках дисциплины «Медиаисследования». Результаты показали, что телевидение Костаная имеет не только экономическое, но и культурное влияние со стороны запада и аудитория местного телевидения не вполне удовлетворена настоящим содержанием. В ходе фокус-группы были выявлены болевые точки взаимоотношения телеканалов и зрителей, а также определены пожелания аудитории в увеличении интерактивности и интеграции с интернетом. Исходя из полученных данных, предполагается, что телевидение – это культурно-информационный узел сообщества определенного региона, который может сохранять особенности исторического, экономического и политического развития своей территории.

Ключевые слова: региональное телевидение, местное сообщество, культурное воздействие, медиаэкономика, культурная самооценка, культурно-просветительская функция телевидения.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-128-3-67-72>

Введение. Несмотря на активное развитие Интернета, телевидение сегодня остается важнейшим информационным и культурным передатчиком. Увеличение количества визуальных источников информации расширяет возможности аудитории, что и подтолкнуло телевизионные редакции к переменам. Изменяются форматы, разрешения, сетки вещания. Телевидение XXI века представляет собой огромную разнообразную систему визуальной информации, для которой не существует ни физических, ни виртуальных границ. В процессе глобализации телевидение играет одну из ведущих ролей, применяется как способ информационных войн, манипуляции и психологического воздействия. Однако в этом случае необходимо отметить, что такую силу имеет лишь международное и центральное телевидение. Телевидение регионов, которое существует вопреки экономическим факторам, является для местных сообществ не столько транслятором актуальных для данной территории новостей, сколько накопителем и движущей силой культурного самосознания как части глобального мира.

Безусловно региональное телевидение развивается параллельно общенациональному, пробуя форматы и способы подачи через новые медиа. Однако специфика экономического положения маленькой редакции на фоне глобального медиарынка обуславливает необходимость обратиться к культурно-рекреативной и культурно-просветительской функциям телевидения [1, с. 40-53], которые играют главную роль в культурном воздействии на аудиторию местного сообщества, в самоопределении его на фоне глобализации.

В данном исследовании региональное телевидение рассматривается как объект в вопросе культурного самоопределения местного сообщества. Таким образом, целью исследования стало определить роль местного телевидения в самооценке сообщества как особенно культурного пласта. Во-первых, для достижения поставленной цели необходимо описать региональное телевидение как особый субъект медиарынка, чтобы определить его место и

